



Тұмар талантымен танылды

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай, «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында XI облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауы өткен болатын. Байқауда Арқалықтың оқушысы жүлделі орынға ие болды.

XI облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауы Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы, Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өткізілді. Бұл байқауға 19 оқушы қатысты. Арқалық қаласынан кітапханамыздың белсенді оқырманы, Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектептің 6 «Б» сынып оқушысы Тұмар Омарова қатысып, Әдібай Табылдының «Намыс» шығармасындағы кейіпкерлердің бейнесін сомдады.

Байқау барысында Тұмардың сөйлеу мәнері мен айқындығы, актерлік шеберлігі және сөйлеу кезінде аудиторияның назарын аудару білуі ерекше көзге түсті. Нәти-

жесінде жүлделі II орынға ие болған Тұмар Омарова мақтау қағазы және арнайы сыйлықпен марапатталды. Жеңісің құтты болып, биіктерден көріне бер Тұмар!

«Мектебім менің мектебім» байқау шығармаларын тандау мектеп туралы жазатын отандық авторлардың (қазіргі және классиктердің) көркем әдебиеттерімен шектелді. Байқауға жасөспірімдерге арналған шығармаларды және жасөспірімдер әдебиеті шеңберіне енген шығармаларды тандау құпталды.

Жасөспірімдердің қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру, оқырмандар арасында көркем әдебиетті оқуды насихаттау, оқитын балалардың мәртебесін арттыру, көркем сөз жанрын меңгерген талантты орындаушыларды анықтау, қолдау және ынталандыру шараны ұйымдастырудың мақсаты болды.

**Сандуғаш
ҚАЗЫБЕКҚЫЗЫ,
№2 ОӘҒК балалар әдебиеті
бөлімінің меңгерушісі**